

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Алматы, 2024

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Алматы, 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (90), 2024 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол. ғ. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол. ғ. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол. ғ. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.д., проф., Эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Кыянова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай
мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)
филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар
достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур
университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон
университеті Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир
университеті

Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2024

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 30.12.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,1 е.б.т.
Тапсырыс 173.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Arkhangelskaya A. Magical gesture in the sign cultural and national space of Ukrainian and Russian phraseology..... 5

Архагельская А.М. Украин және орыс фразеологизмдерінің символдық-мәдени және ұлттық кеңістігіндегі сикырлы кимыл

Архагельская А.М. Магический жест в знаково-культурном и национальном пространстве украинской и русской фразеологии

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Классификация триггерных тем. К вопросу проведения судебной лингвистической экспертизы..... 15

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Трэггерлі тақырыптарды сыртқылау. Соттық лингвистикалық сараптама жүргізу мәселесіне қатысты

Adibayeva S., Kazabeyeva V. Classification of trigger topics. The issue of conducting forensic linguistic expertise

Кенжегалиева М.К. Көптілділік жағдайында жастар арасында қазақ тілін қолдану динамикасының өзгеруі..... 22

Кенжегалиева М.К. Изменение динамики использования казахского языка среди молодежи в условиях полиязычия

Kenzhegaliyeva M. Changes in the dynamics of the use of the Kazakh language among young people in the context of multilingualism

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Образ Казахстана в художественной литературе..... 34

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Көркем әдебиеттегі Қазақстан бейнесі

Abisheva S., Atembayeva G., Khavaidarova M. The image of Kazakhstan in fiction

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы Ә. «Даңқ пен дақпырт» романындағы дәуір шындығы..... 41

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы А. Реалии эпохи в романе «Известность и молва»

Bisengali Z.-G., Zholdaskalikyzy A. The realities of the era in the novel «Fame and rumor»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №4 (90), 2024 г.

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Жынова Ж.К.
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т. Жургенова Жалалова А.М.
д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН Бахтикерева У.М. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира Табачникова О.М. (Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.12.2024.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,1 уч.-изд.л.
Заказ 173.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Герчинска Д. Казахстанско-польские литературные связи: исследование взаимовлияния и культурного обмена..... 46

Герчинска Д. Қазақстан-Польша әдеби байланысы: өзара әсері және мәдени қарым-қатынасты зерттеу
Gierczyńska D. Kazakh-Polish literary relations: a study of mutual influence and cultural exchange

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Өмір тарихтың өзінен алынған туынды..... 53

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Художественное произведение, рожденное самой историей жизни
Kaztayeva A., Tokshylykova G. A work of art, born from the very history of life

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Қазақ прозасындағы микрожанрлардың жанрлық ерекшеліктері..... 59

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Жанровые особенности микрожанров в казахской прозе
Nurakbayeva A., Matbek N. Genre characteristics of microgenres in Kazakh prose

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық символиканы қолдану: психолінгвистикалық аспектілері..... 65

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Использование фольклорной символики в современной казахской детской литературе: психолінгвистические аспекты
Ospanov Y., Mergenbayeva A. The use of folklore symbols in modern Kazakh children's literature: psycholinguistic aspects

Тлеубекова Б.Т. Көркем шығармалардағы элеуметтік мәселе..... 78

Тлеубекова Б.Т. Социальная проблема в произведениях искусства
Tleubekova B. Social problem in works of art

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Орта мектепте фольклорлық шығармаларды жасанды интеллект арқылы оқыту әдістемесі (5-7 сынып)..... 84

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Методика преподавания фольклорных произведений с использованием искусственного интеллекта в средней школе (5-7 классы)
Ospanov Y., ZhetpisoV Y. Methodology for teaching folklore works using artificial intelligence in secondary schools (grades 5-7)

**Abai Kazakh National
Pedagogical University
BULLETIN
№4 (90), 2024**

Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Abisheva S.*

Deputy Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.*

Scientific Editor

PhD, Associate Professor Sabirova D.

Editorial board

*Candidate of Philological Sciences, Associate
Professor Zhirenov S.*

*Candidate of Philological Science, Associate
Professor Satemirova D.*

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Dzholdasbekova B.

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Salkhanova Zh.

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Kazakh National Women's Teacher Training
University Kiyнова Zh.*

*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov
Kazakh National Academy of Arts*

Zhalalova A.

*Doctor of Philological Sciences, Associate
Professor, Gorno-Altaysk State University*

Alekseyev P. (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
RUDN Bakhtikireeva U.* (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
University of Warmia and Mazury*

Kiklewicz A. (Poland)

*PhD, Professor, George Washington
University Rollberg P.* (USA)

*PhD, Professor, University of Central
Lancashire Tabachnikova O.* (The United
Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor Serikova S.

Technical Secretary

*Candidate of Philological Sciences, Associate
professor Osmanova Z.*

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024

Registered
in the Ministry of Culture and Information of the
Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No 10109-Zh/Ж

Signed in print 30.12.2024
Format 60x84 1/8. Volume 15,1
teaching and publishing lists.
Order 173.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU
Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Umarova A. CLIL technology in teaching Russian language
to students-historians at a pedagogical university..... 90

Умарова А.Б. Педагогикалық жоғары оқу орнында
тарихшы-студенттерге орыс тілін оқытуда CLIL
технологиясы

Умарова А.Б. CLIL в обучении русскому языку
студентов-историков в педагогическом вузе

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

Мадиев С., Шарапиева Р. Интерактивті ортадағы баспа
өнімдері: дәстүрлі және жаңа медиа байланысы..... 97

Мадиев С., Шарапиева Р. Печатная продукция в
интерактивной среде: традиционные и новые
медиакоммуникации

Madiyev S., Sharapiyeva R. Printed products in an
interactive environment: traditional and new media
communications

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES**

Мукашева А.А. Аударма ісіндегі заң терминдерінің
лингвомәдени және құқықтық ерекшеліктері..... 103

Мукашева А.А. Лингвокультурные и правовые
особенности юридических терминов в переводческом
деле

Mukasheva A. Linguocultural and legal features of legal
terms in translation

Біздің авторлар..... 115

**Наши авторы
Our authors**

FTAMP 17.07.41

10.51889/2959-5657.2024.90.4.009

Нурақбаева А.^{1*}, Мәтбек Н.²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

*e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

e-mail: nursulu.m@mail.ru

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИКРОЖАНРЛАРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрларының, оның ішінде шағын әңгіменің жанрлық ерекшеліктері талданады. Қазақ әдебиетіндегі микрожанрлардың пайда болуы мен дамуы, олардың көркемдік, құрылымдық, идеялық ерекшеліктері қарастырылады. Әдебиетте қалыптасқан шағын формалардың заманауи тақырыптар мен жанрлар эволюциясын бейнелеудегі рөліне ерекше назар аударылып, микрожанрлардың ұлттық прозадағы орны, олардың дәстүрлі, жаңашылдық қырлары атап өтілді.

Микрожанрлар, әсіресе шағын әңгімелер ұлттық әдебиеттің заман динамикасына, қазіргі оқырман сұранысына сай жаңаруына ықпал етуде. Сонымен қатар, зерттеуде шағын әңгімелердің поэтикасы мен баяндау тәсілдері, олардың терең идеялық мағына мен өмір шындығын жеткізудегі икемділігі қарастырылады. Бұл зерттеу қазіргі қазақ прозасының жаңа көкжиектерін ашып, әдебиеттану ғылымын одан әрі дамытуға жасалған маңызды қадам деп есептейміз.

Түйін сөздер: проза, әдебиет, микрожанр, шағын әңгіме, минимизация, заманауи тақырыптар

Нурақбаева А.^{1*}, Мәтбек Н.²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Алматы, Казахстан

*e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

e-mail: nursulu.m@mail.ru

ЖАНРОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ МИКРОЖАНРОВ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются жанровые особенности микрожанров через малые рассказы в современной казахской прозе. Изучаются возникновение и развитие микрожанров в казахской литературе, а также их художественные, структурные и идейные особенности. Особое внимание уделяется роли малых форм, сложившихся в литературе, в отражении современных тем, и демонстрируется жанровая эволюция через анализ их места в национальной прозе, включая традиционные и новаторские аспекты.

Микрожанры, особенно малые рассказы, способствуют обновлению национальной литературы, соответствуя динамике времени и запросам современного читателя. Кроме того, исследуются поэтика малых рассказов и их повествовательные приемы, а также их гибкость в передаче глубоких идейных смыслов и жизненных реалий. Это исследование представляет собой важный шаг, направленный на открытие новых горизонтов в современной казахской прозе и дальнейшее развитие жанровых поисков.

Ключевые слова: проза, литература, микрожанр, малый рассказ, минимизация, современные темы

Nurakbayeva A.^{1*}, Matbek N.²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

e-mail: nursulu.m@mail.ru

GENRE CHARACTERISTICS OF MICROGENRES IN KAZAKH PROSE

Abstract

This article examines the genre characteristics of microgenres through short stories in contemporary Kazakh prose. It explores the emergence and development of microgenres in Kazakh literature, focusing on their artistic, structural, and ideological features. Special attention is given to the role of small literary forms in portraying modern themes, illustrating genre evolution by analyzing their place in national prose, including traditional and innovative aspects.

Microgenres, particularly short stories, contribute to the renewal of national literature, aligning with the dynamics of the times and the demands of contemporary readers. Additionally, the study delves into the poetics of short stories and their narrative techniques, highlighting their flexibility in conveying profound ideological meanings and reflecting life's realities. This research represents an important step toward uncovering new horizons in modern Kazakh prose and further advancing genre explorations

Keywords: prose, literature, microgenre, short story, minimization, modern themes.

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасы өткенді бағамдап, жаңаны сараптау жолымен дамып келеді және авторлардың шығармаларынан көркемдік-эстетикалық, жанрлық ізденістерін байқадық. Әсіресе, өте шағын әңгімелерімен ерекшеленіп, оқырман қауымның сұранысын қанағаттандырып жүрген жазушылардың көркем шығармаларын зерттеу, қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрларды анықтау бүгінгі әдебиеттану үшін өзекті де өткір мәселе.

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы барлық салаларға өз әсерін тигізуде. Оның ішінде, егер біз әдебиетке көз жүгіртсек, басты тенденциялардың бірі - минимизация тенденциясы қарқынды дамып келе жатқандығын байқаймыз.

Минимизация тенденциясының пайда болуы Клиптік сана, Интернеттің кең ете алуы және оның мәдениетке әсерімен тікелей байланысты. Қоғам, сана өзгерген тұста әдебиет те, оларға қойылар талап та, оны таныту шаралары да жаңартылуы заңдылық. Ал мұның бәрі қазіргі әдебиеттегі минимизация тенденциясын ғылыми тұрғыдан сараптау қажеттілігін көрсетеді.

Соңғы онжылдықтарда әлем әдебиетінде шағын формадағы прозалық шығармаларға деген қызығушылық артып, олар жан-жақты зерттеліп, зерделене бастады. Қазақ прозасында да осы үрдіс белең алып келе жатқаны байқалып, шағын әңгімелер мен микрожанрлар зерттеу нысанымызға айналып отыр.

Ең алғаш «Микрожанр» термині жанрлар арасындағы ең кішкентай, гипернақты, көлемі кіші санаттарды сипаттау үшін қолданылған. Бұл ұғым алғаш рет француз әдебиетінде 1975 жылы пайда болып, онда «микрожанр» көлемі жағынан үлкен «макрожанрмен» салыстырылып, екеуінің ауқымдық айырмашылықтары анықталған.

«The Microgenre: A Quick Look at Small Culture» кітабында әдебиет пен өнердегі микрожанр ұғымы «Мәдени феномен» ретінде қарастырылып әртүрлі мәдени кезеңдер мен дәуірлерге тиесілі мысалдар арқылы зерделенеді [1, 45]. Алайда нақты анықтама берілмейді. Кітапта «микрожанр» ұғымы әсіресе цифрлық дәуірде танымалдылыққа ие болғанымен, оның тамыры тереңде жатқандығы айтылады.

Әдебиетте микрожанр, прозаның көлемінің қысқаруымен байланысты. Бұл жайлы орыс әдебиеттанушысы М. Лебедева қазіргі орыс прозасындағы микрожанр үлгілерін зерделеп, оның бар екендігін микрожанр түрлеріне мысалдар келтіре отырып тұжырым жасайды [2, 7].

Шағын әңгіме жанрын анықтау кезінде зерттеушілер оның екі негізгі сипаттамасына – мазмұны мен пішініне тоқталады. Бұл жанрдың ұзындығы әдетте 1000 сөзден аспайды, бірақ оның ықшамдығына қарамастан, терең мағыналық мазмұнға ие. Мәтіннің қысқалығы оқырманға тек негізгі идеяларды ғана беріп қана қоймай, сонымен қатар мәтінде жасырылған астарлы мағынаны іздеуге итермелейді.

Қазақ әдебиетінде де соңғы жылдары микрожанрлардың дамуы жаңа бағыт алып, микроформалардың сұранысқа ие болуына жол ашты. 2019 жылы «Егемен Қазақстан» газеті жарияланған «Ең қысқа әңгіме» байқауы қазақ әдебиетіндегі шағын әңгіме жанрының дамуына ықпал етті [3]. Байқау қорытындысы бойынша іріктелген шығармалар әлемдік әдебиеттегі минимализм мен қысқалық концепциясына негізделіп, көптеген оқырмандардың назарын аударды.

Микрожанрлардың пайда болуы қазіргі әдебиеттің жанрлық құрылымына өзгерістер әкеліп, шығармашылық ізденістердің тың бағытын белгіледі. Бұл құбылыс заман талабына сай әдебиеттің ықшамдылығы мен мазмұн тереңдігіне байланысты кең үрдіс алды. Әдебиеттегі жаңа жанрлық формалар, әсіресе шағын әңгімелер, қазіргі оқырманның ақпаратқа жылдам қол жеткізуге ұмтылатын қажеттіліктерін, бір-ақ деммен оқуға, эстетикалық әсерге қол жеткізуге деген сұранысын қанағаттандырады. Оған қоса, шағын формада адам өмірінің философиялық, психологиялық және этикалық мәселелерін тереңірек зерттеу мүмкіндігіне де ие болады.

Қазақ прозасының жанрлық ерекшеліктерін зерттеу барысында шағын әңгімелерді қарастырудың бірнеше өзекті тұстары бар. Біріншіден, шағын әңгімелер – ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңге қадам басқанын көрсететін ерекше жанр десек, ол дәстүрлі әңгімелерге қарағанда ықшамдылық пен символизмге көп сүйенетінін байқаймыз. Бұл жанрдың ерекшеліктері – оқиғаны жеткізу тәсілі мен баяндаудың ықшамдығында және терең ой мен эмоцияны аз сөзбен жеткізе білуінде жатыр. Екіншіден, шағын әңгімелер бүгінгі әдебиетте аса танымалдыққа ие. Қазір өте көп жазушылар қысқа әңгімелерімен оқырман жүрегіне жол тауып жатыр. Үшіншіден, шағын әңгімелер жайлы зерттеу бүгінгі әдебиеттануда жоқтың қасы. Сондықтан да әдебиетімізде зерттеу жағынан қалыс қалған бұл шағын әңгіме жанры жайлы ізденіс ауадай қажет.

Қазақ әдебиетінде микрожанрлардың пайда болуы тек жанрлық тұрғыда ғана емес, жалпы әдеби-мәдени, рухани деңгейде де жаңашылдық әкелді деп айта аламыз. Проза жазып жүрген жазушылардың жанрлық ізденістері минимизация тенденциясының әдебиетімізде бар екендігін айқындайды. Микрожанрлардың, оның ішінде әдебиетімізде ең танымал түрі шағын әңгімелердің өзіндік ерекшеліктері, баяндау тәсілдері және идеялық тереңдігі ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңдегі даму траекториясын көрсетеді. Осы тұрғыда, қазіргі қазақ прозасындағы шағын әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін зерттеу – әдебиеттану ғылымының басты мәселелерінің бірі де бірегейі.

Мақалада шағын әңгімелер арқылы қазақ прозасындағы микрожанрлардың жанрлық ерекшеліктерін зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігі талданып, басты ерекшеліктері айқындалады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлардың қалыптасу үдерісін, олардың көркемдік ерекшеліктерін және ұлттық әдебиеттегі орнын бағамдау. Сонымен қатар, ізденіс барысында шағын әңгімелердің заманауи оқырманның эстетикалық талғамына қалай әсер ететіні және олардың әдеби-мәдени құндылығын бағалау мақсат етіледі.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу қазақ прозасының көкжиектерін кеңейтіп, ұлттық әдебиеттің жаһандық әдебиет контекстінде өзіндік ерекшелігін танытуға бағытталған маңызды қадам деп есептейміз.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысының материалы ретінде ретінде 2000-2024 жылдар аралығында жарық көрген қазіргі қазақ прозасындағы микрожанр үлгілері тандап алынды. Атап айтқанда, шағын әңгіме (микро-әңгіме, қысқа әңгіме) жанрына ерекше назар аударылды. Зерттеу аясында осы кезеңдегі әдеби шығармаларда байқалатын минимизация

тенденциясы, жанрлық формалардың әртараптануы және олардың көркемдік ізденістері қарастырылады.

Мақаланы жазу барысында зерттеу әдістері салыстырмалы-тарихи, жүйелі құрылымдық әдіс және мәтіндік талдау әдістері пайдаланылды. Қазақ прозасындағы шағын әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін зерттеудің әдістемесі олардың көркемдік, құрылымдық және мазмұндық сипаттарын терең түсінуге, әлем әдебиеті контекстіндегі рөлін анықтауға бағытталды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде микрожанрлардың қалыптасуы мен дамуы әдеби үдерістің жаңа бағыттарын айқындап, көркем шығармашылықтың көкжиегін кеңейтуде. Микрожанрлар, ең алдымен, қысқа формадағы прозаның эстетикалық ерекшеліктерін көрсететін құрал ретінде танылып отыр.

Бұл құбылыстың тамыры тереңде жатыр және ол әдебиеттің эволюциясындағы әлеуметтік, мәдени, заманауи талаптармен тығыз байланысты. Әлемдік деңгейде шағын проза танымалдылығының артуы қазақ әдебиетіне де ерекше әсер етіп, өз ықпалын тигізуде.

Тұңғыш әдебиет теоретигі, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы маңызды зерттеу болып табылады. Бұл еңбекте А.Байтұрсынов: «Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады. Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкенкішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: Ұлы әңгіме сөзін алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды. Ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды; ұсақ әңгіме мүше алып оралып келе қоятын аттарша бастайды... Нағыз ұсақ әңгіме болатындар Ысмағұлдың «Автономиясы», Міржақыптың «Қызыл қашары», Бейімбеттің «Айт күні» сияқты әңгімелер», - ұсақ әңгіме жанрының ерекшеліктерін нақты сипаттап, оның қазақ әдебиетіндегі орнын айқындап, олардың көлемі мен мазмұндық ерекшеліктеріне қарай ажыратып, ұсақ әңгімелердің шағын көлемде үлкен мағыналық жүк көтеретінін ерекше атап өткен [4, 25].

Шағын әңгіменің жанрлық ерекшеліктері жайлы әдебиеттанушы ғалым С.Шарабасов: «Қысқа әңгіме – үлкен өмірдің шақпақ үзіндей. Бұл жанр түрінің спецификасы еркін, қызу қанды эсседен, публицистикалық суреттеулерден, сатиралық миниатюралардан мүлдем бөлек. Қысқа әңгімелер – шағын жанрдың ерекше түрі. Бұл өзекті проблемаға құрылған, композициясы жағынан өте сығылған пружина іспетті дүние. Қысқа әңгімелерде ішкі динамикасы, характердің қақтығысы сұмдық ұшқыр. Тілі барынша шақ, ұста жұмсалады. Міне, осы қасиеттер қысқа әңгімелердің төтенше әдеби-эстетикалық заңдылығы екендігін түсіндіреді», - деп тоқталып өткен [5, 16]. Бұл ретте ғалым С. Шарабасов «шағын жанр» деп – микрожанрды меңзеп отқаны белгілі.

Зерттеушілер қысқа-қысқа әңгімелерді жанр ретінде қарастыру кезінде бірнеше қиындықтарға тап болады. Ең алдымен, бұл жанрдың нақты анықтамасы жоқ. Қысқа-қысқа әңгімелер әртүрлі формада болуы мүмкін, олар поэзияға, эссеге немесе прозалық әңгімелерге ұқсас болуы мүмкін. Осыған байланысты жанрды нақты жіктеу және оның шекараларын анықтау қиынға соғады.

Шетелдік зерттеуші Хосе Флавио Ногейра Гимараэс «Шағын әңгімелердің ең басты ерекшелігі — оның ықшамдылығы мен конденсациясы, кейіпкерлердің аздығы, күтпеген аяқталу және оқиғаға назар аудару», - деп есептейді [6, 38].

Конденсация жазушының әңгімедегі мағынаны барынша қысқа да нұсқа жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс поэзияға ұқсас, себебі поэзияда әрбір сөздің мағынасы терең және маңызды рөл атқарады. Шағын әңгімелерде әрбір сөйлем, тіпті әрбір сөз оқырманға күшті әсер ететін құрал ретінде қолданылады.

Осы орайда аталған ерекшелікті Ғалымбек Елубайдың «Жүз жетінші көктем» жинағындағы шағын әңгімелерден көре аламыз [7, 25]. Әрбір оқиға терең философиялық ойларға жетелеп, әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары сияқты маңызды тақырыптарға назар аударады. Ғ.Елубайдың әңгімелері көлемі жағынан қысқа болса да, оқырманның жүрегіне жететін

шынайылығымен ерекшеленеді. Ғ.Елубай бір сұқбатында: «Менің әңгімелерім ешкімнің уақытын ұрламайды... мендегі жанр мен стильдің атқарар міндеті: ұмыт бола бастаған, ұлттық сана мен мінез суретінің шаңын қайта сұрту» деген болатын [8].

Нәтижелер және талқылау. Шағын әңгімелердің маңызды ерекшелігі — поэтикалық функциясы. Бұл жанр, Гимараештың айтуынша, лирикалық поэзияға ұқсас. Ол оқиғаны барынша қысқартылған, эмоция мен мағынаға бай түрде жеткізеді. Оқиғаның қысқалығы кейіпкердің дамуына, сюжеттің толық ашылуына шектеу қояды. Мұндай тәсіл оқырманды оқиғаның мағынасын өздігінен толтыруға, жасырын ойды түсінуге итермелейді.

Бұл жанрдың тағы бір маңызды ерекшелігі — күтпеген аяқталу, оқыс шешім. Әдетте, мұндай әңгімелер оқырманды таң қалдыру үшін тосын аяқталумен ерекшеленеді. Жанрдың бұл ерекшелігі жазушыларға қысқа мәтін ішінде күтпеген сюжет бұрылысын енгізуге мүмкіндік береді және оқырманға ой салып, әңгіменің астарындағы мағынаны іздеуге итермелейді.

Мысалы, Л. Қоныстың «Айгүл», «Менің Аяным», «Адам», «Сәтсіз сегіз қадам» әңгімелері күтпеген аяқталуымен тартымды. Оның «Менің Аяным» атты қысқа әңгімесінде қыздың қыр соңынан қалмай жүрген ғашық жігіт қыздың ішінде енді сезім ояна бастаған сәтінде басқа бір қызға үйленіп жатқанынын көрумен оқыс аяқталады. Мұндай аяқталу оқырманның ішінде алай-дүлей сезім тудырып, мұң аралас өкініштен дәм татқызады. Жалпы Лираның әңгімелерінде күнделікті өмір көріністері философиялық тереңдікпен ұштасып, оқырманның жан-дүниесінің астаң-кестеңін шығара салуы ықтимал. Қысқа форма арқылы ол кейіпкерлердің ішкі әлемінің нәзік иірімдерін аша отырып, үлкен мағыналық тереңдікке жетелейді және миф пен мистикалық элементтерді қолдануы оның шығармаларына ерекше тартымдылық береді [9].

Шағын әңгімелерде кейіпкерлер саны өте шектеулі болады. Жазушылар оқиға желісін бір немесе екі кейіпкерге шоғырландырып, олардың мінезін іс-әрекеті арқылы көрсетеді. Бұл әдіс оқиғаның эмоционалды әсерін күшейтіп, оқырманға кейіпкердің ішкі жан дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселен, Ерболат Әбікеннің «Министр» кітабындағы шағын әңгімелерінде кейіпкерлер саны санаулы, бірлі-жарымды. Жалпы жазушының «Министр» кітабы – шағын әңгімелерден тұратын нағыз микрожанр үлгісі. Автор бұл кітабы арқылы оқырманға жақындап, өмірдің маңызды мәселелеріне назар аудартады. Оның «Пәтер жалдап жүр едік», «Елу теңге», «Бір қой» сияқты әңгімелері қоғамның түрлі мәселелерін астарлы әжуамен және қарапайым тілмен шебер жеткізеді [10, 57].

Қазақ әдебиетінде микрожанрлардың дамуы қазіргі заманның мәдени және әлеуметтік талаптарымен үндесіп, әдеби үдерістің жаңа белестерге көтерілуіне негіз болуда. Қысқа формадағы шығармалар оқырманның уақыт шектеулеріне бейімделіп, жылдам қабылданатын және терең ой салатын туындыларға айналды.

Қазіргі жазушылар Ғалымбек Елубай, Лира Қоныс, Ерболат Әбікен, Аягүл Мантай және Қанағат Әбілқайыр секілді авторлар қазақ прозасында микрожанрлардың әлеуетін шебер қолдана отырып, заманауи қоғамның маңызды мәселелерін терең әрі мағыналы түрде жеткізіп келеді.

Микрожанрлардың дамуындағы тағы бір маңызды аспект – олардың эксперименттік сипаты. Қазіргі қазақ әдебиетінде жас авторлар көркемдік шекараларды бұзып, жаңа тәсілдер мен формаларды іздестіруде. Бұл шығармашылық еркіндік микрожанрларға жаңаша мазмұн мен сипат беріп, қазақ прозасын жаңа белеске көтерді. Қысқа формадағы шығармаларда дәстүрлі баяндау әдістерінен тыс, сананың ағымы, символизм, метафоралық ойлау, сюжеттік үйлесімсіздік сияқты әдеби техникалар жиі қолданылады.

Микрожанрлар тек әдеби стиль мен формада ғана емес, сонымен бірге мазмұндық бағытта да әртүрлілікке ие. Қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлар махаббат, отбасылық қатынастар, жеке тұлғаның ішкі жан-дүниесі, әлеуметтік әділетсіздік, экология, миграция

және ғарыш секілді тақырыптарды қамтып отыр. Бұл бағыттардың әрқайсысы өз оқырманын тауып, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтуде.

Қазақ әдебиетіндегі микрожанрлардың дамуы тек шығармашылық ізденістердің ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің де айнасы екенін атап өткен жөн. Шағын әңгімелер өскелең ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын оятуда маңызды рөл атқарады. Дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи талаптарға бейімделу қазақ прозасының болашағына деген сенімді арттыра түседі.

Осылайша, микрожанрлар қазіргі қазақ әдебиетінде терең эстетикалық, философиялық және әлеуметтік мәнге ие жаңа құбылыс ретінде орнығып отыр. Бұл жанрдың өміршеңдігі мен танымалдығы оның заман ағымына икемділігімен, шығармашылық еркіндігімен және оқырманмен тығыз байланыс орнату қабілетімен тікелей байланысты. Болашақта микрожанрлар қазақ әдебиетінің басты бағыттарының бірі ретінде одан әрі дамып, ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлшегіне айналары сөзсіз.

Қорытынды. Шағын әңгімелер қазақ прозасының жанрлық құрылымын байытып, оның жаңа деңгейде дамуына ықпал етті. Бұл жанр авторларға өмірдің мәні, адамгершілік, қоғамдағы әділдік, рухани ізденіс сынды толғамды тақырыптарды жинақы, бірақ әсерлі жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, шығармашылық әдіс-тәсілдерді жетілдіруге де жол ашты. Көлемнің қысқаруы қаламгерлерді әрбір детальға, сөзге ерекше мән беріп, әдеби шеберлігін шындауға итермеледі.

Сонымен қатар, бұл жанр оқырман мен автор арасындағы диалогты жаңаша қырынан ашуға мүмкіндік берді. Микрожанрлар қазіргі оқырман сұранысын қанағаттандырып, қысқа, мазмұнды шығармаларға деген қызығушылықты арттыра түсті деп айта аламыз.

Қорыта айтқанда, микрожанрлардың дамуы ұлттық руханияттың заман талабына сай жаңаруының көрінісі екендігін айта кеткен жөн. Қазақ прозасының осы бағытта дамуы ұлттық әдебиетіміздің әдеби дәстүр мен заманауи сұраныстың үйлесім тауып, әлемдік деңгейде өзіндік орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. O'Donnell, M. C., Stevens, A. H. (Eds.). *The microgenre: A quick look at small culture*. New York: Bloomsbury Academic, 2019/25 p.
2. Лебедева М.Н. *Микрожанры современной прозы: диссертация кандидата Филологических наук: 2017. – 186 с.*
3. Егемен Қазақстан. Ең қысқа әңгіме. URL: <https://egemen.kz/article/216868-enh-qysqa-anhgime>
4. Байтұрсынұлы А. *Бес томдық шығармалар жинағы. – Том 1. – Алматы: Алаш, 2003.*
5. Шарабасов С. *Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры. – Алматы: Өлке, 2001. – 183 б.*
6. Guimarães J.F.N. *The Short-Short Story: A New Literary Genre*. [Strategic Book Publishing](https://strategicbookpublishing.com/): 2012. – 79 p.
7. Елубай Ф. *Жүз жетінші көктем. – Алматы: Жазушы, 2023. – 250 б.*
8. Бектас Г. *Ғалымбек Елубай: Менің әңгімелерім ешкімнің уақытын ұрламайды*. URL: <https://aikyn.kz/250662/g-alymbek-elubay--menin--n-gimelerim-eshkimnin--uak-ytyu-u-rlamaydy>
9. Қоныс Л. *Әңгімелер*. URL: <https://madenportal.kz/article/2483>
10. Әбікенұлы Е. *Министр. – Алматы: Таңбалы, 2014. – 136 б.*

References:

1. O'Donnell M. C., & Stevens A. H. (Eds.). (2019). *The microgenre: A quick look at small culture*. New York: Bloomsbury Academic.
2. Lebedeva M. N. (2017). *Mikrozhanryy sovremennoy prozy: dissertatsiya kandidata Filologicheskikh nauk [Microgenres of modern prose: Dissertation for the Candidate of Philological Sciences]*. (186 p.) [in Russian]
3. Egemen Kazakhstan. (2019). *En kyska angime [The shortest story]*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/216868-enh-qysqa-anhgime> [in Kazakh]
4. Baitursynuly A. (2003). *Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Tom 1 [Collected works in five volumes. Vol. 1]*. Almaty: Alash [in Kazakh]

5. Sharabasov S. (2001). *Kazakh adebietindegi angime zhanry [The genre of short stories in Kazakh literature]*. Almaty: Olke [in Kazakh]
6. Guimares J. F. N. (2012). *The short-short story: A new literary genre*. Strategic Book Publishing.
7. Elubai G. (2023). *Zhuz zhetinshi koktem [The 107th spring]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh]
8. Bektas G. (2023). *Galymbek Elubai: Menin angimelerim eshkimnin uakytyн urlamaidy [Galymbek Elubai: My stories do not steal anyone's time]*. Retrieved from <https://aikyn.kz/250662/galymbek-elubai--menin--n-gimelerim-eshkimnin--uak-ytyн-u-rlamaydy> [in Kazakh]
9. Konys L. (n.d.). *Angimeler [Stories]*. Retrieved from <https://madeniportal.kz/article/2483>
10. Abikenuly E. (2014). *Ministr [The Minister]*. Almaty: Tañbaly [in Kazakh]

GTAMP 17.82.93

10.51889/2959-5657.2024.90.4.010

Оспанов Е.Т.¹, Мергенбаева А.Е.^{2*}

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИМВОЛИКАНЫ ҚОЛДАНУ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі фольклорлық символикалар және олардың психолінгвистикалық аспектілері қарастырылады. Фольклорлық символика- мәдениетімізді дәріптейтін бұрынғы символдар мен бейнелердің көмегімен терең мағыналы ойларды астарлап жеткізу арқылы жас ұрпаққа берілетін құнды құрал. Зерттеу кезінде фольклорлық элементтердің когнитивті, тілдік және психологиялық жағынан алалардың дамуына әсері талқыланды. Фольклорлық символиканың балалардың қиялын, сөздік қорын және тәрбиесін дамытуға ықпалын көрсету зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Балалар шығармаларында қолданылатын символдар балаларға негізгі өмірлік принциптерді түсінуге және қабылдауға көмектеседі, олардың сөздік қорын кеңейтеді және бейнелі ойлауды дамытады. Қазіргі авторлар фольклорлық элементтерді өз шығармаларына біріктіре отырып, мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтайды және балалардың ата-баба мұрасына деген қызығушылығын сақтайды.

Түйін сөздер: фольклор, психолінгвистика, символизм, дәстүр, мәдениет, ертегілер, бейнелер

Оспанов Е.Т.¹, Мергенбаева А.Е.^{2*}

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com

*e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОЛЬКЛОРНОЙ СИМВОЛИКИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

В данной статье рассматриваются фольклорные символы в современной казахской детской литературе и их психолінгвистические аспекты. Фольклорная символика-ценный

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Архангельская Алла Мстиславовна – филология ғылымдарының докторы, славянтану кафедрасының профессоры, философия факультеті, Оломоуц қаласындағы Палацкий университеті (Чехия Республикасы), Id=57213609175, e-mail: alla.arkanhelska@upol.cz

Адибаева Шолпан Тимуровна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Казабеева Виталия Алексеевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Кенжеғалиева Меруерт Кайратовна – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Абишева Сауле Джунусовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Хавайдарова Мехриниса Марсовна – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mehrinisa_73@mail.ru

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Жолдасқалиқызы Әсел – магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Герчинска Данута – филология ғылымдарының докторы, профессор, Слупск қаласындағы Помор Университеті, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Казтаева Айымжан – әдебиеттану мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Нурақбаева Айгуль – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Мәтбек Нұрсұлу – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Оспанов Еділбай – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Мергенбаева Арайлым – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Тлеубекова Ботакөз Тургамбаевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Жетписов Еділ – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Умарова Акмарал Базархановна – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Мадиев Сансызбай – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyzbay.madiev@mail.ru

Шарапиева Рысалды – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Мукашева Айнур Адилхановна – PhD докторанты, 1 курс. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru

НАШИ АВТОРЫ

Архангельская Алла Мстиславовна – доктор филологических наук, профессор кафедры славистики Философского факультета Университета им. Палацког в Оломоуце (Чехия), Id=57213609175, e-mail: alla.arkhanhelska@upol.cz

Адибаева Шолпан Тимуровна – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Казабеева Виталия Алексеевна – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Кенжегалиева Меруерт Кайратовна – магистрант кафедры казахского языка и литературы Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Абишева Сауле Джунусовна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Хавайдарова Мехриниса Марсовна – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mechrinisa_73@mail.ru

Бисенгали Зиноп-Габден Кабиұлы – доктор филологических наук, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Жолдасқалиқызы Асель – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Герчинска Данута – доктор филологических наук, профессор Поморского университета в Слупске, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Казтаева Айымжан – докторант 1 курса литературоведения, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Токшылыкова Гульназ Базарбаевна – магистр, старший преподаватель факультета Филологии КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Нуракбаева Айгуль – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Матбек Нурсулу – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Оспанов Едилбай Толеубаевич – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Мергенбаева Арайлым – магистрант кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Жетписов Едилъ – Казахский национальный университет имени Абая, магистрант 1 курса, специальность Казахский язык и литература, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Умарова Акмарал Базархановна – магистр, старший преподаватель филологического факультета КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Мадиев Сансызбай – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyzbay.madiev@mail.ru

Шарапиева Рысалды – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, аспирант кафедры издательского, редакционного и дизайнерского искусства, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Мукашева Айнур Адилхановна – Phd докторант, 1 курс. ЕНУ имени Л. Гумилева, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru

OUR AUTHORS

Arkhangelskaya Alla – Doctor of Philological Sciences, Professor, Department of Slavic Studies, Faculty of Philosophy, Palacky University in Olomouc (Czech Republic), Id=57213609175, e-mail: alla.arkhanhelska@upol.cz

Adibayeva Sholpan – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Kazabeyeva Vitalia – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Kenzhegaliyeva Meruert – master's student of Kazakh Language and Literature Department of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Abisheva Saule – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: 0000-0002-4497-0805, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Atembayeva Gulnara – doctoral student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Khavaidarova Mekhirnisa Marsovna – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mechrinisa_73@mail.ru

Bisengali Kabiuli Zeinol-Gabden – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Zholdaskalikyzy Asel – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Gierczyńska Danuta – Doctor of Philological Sciences, Professor, Pomeranian University in Słupsk, Poland, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Kaztayeva Aymzhan – doctoral student of 1st year of Literature Studies, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Tokshylykova Gulnaz – Master, Senior Lecturer of Abai KazNPU, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Nurakbayeva Aigul – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Matbek Nursulu – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Ospanov Yedilbay – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Mergenbayeva Arailym – master's student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Tleubekova Botakoz – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Zhetpisov Yedil – Abai Kazakh National University, 1st year master's student, specialty Kazakh Language and Literature, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Umarova Akmaral – Master, Senior Lecturer, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Madiyev Sansyzbay – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyzbay.madiyev@mail.ru

Sharapiyeva Rysaldy – Al-Farabi Kazakh National University, postgraduate student of the of Publishing, Editorial and Design arts Department, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Mukasheva Ainur Adilkhanovna – PhD student, 1st year. L. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru